



Марван ХАМИТОВА,

тарих ғылымының кандидаты, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің Біліктілік арттыру институтының директоры:

МҰХТАР ӘУЕЗОВ ЖАС ӘЛКЕЙДІ ШЫҢҒЫСТАУҒА ЕРТІП АПАРЫП, АБАЙ АУЫЛЫМЕН ТАНЫСТЫРҒАН

– Марван Арынқызы, ғұлама ғалым Әлкей Марғұланның қазақ ғылымы тарихында алар орны қандай?

– Энциклопедист ғалым, академик Ә.Х.Марғұлан – Қазақстандағы этноархеология бағытының негізін салушы деп тұжырымдауға болады. Этноархеологиялық бағыт арқылы ғұлама ғалым халқымыздың тарихы мен мәдениетінің беттерін «сөйлетті». Шындығында, Ә.Марғұлан шығармашылығын ғылымның бір ғана саласымен шектеп қарастыру мүмкін емес. Ғалым тарихи үдерістерді өзара салыстыра, ұштастыра, археологиялық ескерткіштерді этнографиялық деректермен, этнографиялық деректерді фольклор, әдебиет, қолөнер, мәдениет және сәулеткерлік тарихына қатысты деректік материалдармен байланыстыра отырып зерттеген. Бұл жайында белгілі археолог ғалым, профессор К.М.Байпақов:

«Ертедегі және орта ғасырлардағы жазба деректерді аса жетік білген Ә.Марғұлан ондағы қазақ жөніндегі мәлімет тым аз болғандықтан, осынау тарихи әділетсіздіктің, олқылықтың орнын тек қана археологиялық ізденістер толтыра алатынын дұрыс түсінді», – деп жазды. Ал профессор М.Қойгелдиев 1966 жылы жарық көрген «Ежелгі мәдениет құралы» атты жинаққа Әлкей Марғұлан жазған «Қазақстан өлкесі – кейбір үстірт қарайтын адамдардың айтқанындай, тарихи мәдениеттің сілемі жоқ, тек қана шөл дала емес. Күрделі цивилизация мұнда да болған. Бірақ өзгеріш дүние бұларды бірде көркейтп, бірде жер бетінен сыпырып отырған» деген пікірге орай: «Бұл – ұзақ жылдар бойы қазақ жерін археологиялық тұрғыдан зерттеген ғалымның тұжырымы. Марғұлан пікірінің құндылығы – сонымен бірге, оның қазақ халқының руха-

ни мәдениетін өнертанушы және фольклортанушы ретінде де үгіле зерттеуінде болса керек», – деп атап көрсетті. Ғұлама ғалымның бай мұрасы – қазіргі ғылымдағы, қоғамдағы іргелі өзгерістермен үндес, халқымыздың болашақта да маңызын жоғалтпайтын рухани байлығы.

Ленинград университетінің тарих-филология факультетінде және Шығыстану институтында қатар оқи жүріп, сол бес-алты жылдың ішінде болашақ ғалым Ресей мұрағаттарындағы Қазақстан туралы жалпы деректерді тапжылмай оқып шығады. Студент кезінен білетін Ресей ғалымдарымен Қазақстан этнографиялық экспедицияларына қатысып, Ресей кітапхана қорлары мен мұрағаттарына қазақ тарихына байланысты деректер жинаудан бастайды. Сөйтіп, бүкіл саналы ғұмырын туған халқының тарихын, әдебиетін, өнерін, мәдениетін зерттеуге арнады. Мәскеу, Санкт-Петербург, Қазан, Омбы қалалары

мұражайлары, мұрағаттары мен кітапханаларында сақтаулы Қазақстан тарихы мен мәдениетіне жөніндегі сан жетпес деректерді тізіп, көрсетіп кетуі бүгінде мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыруға өз үлесін қосты. Жалпы, ғалымның өмірі мен еңбек жолы – жас ұрпақты елін, жерін, бабалар тарихын сүюге, отаншылдыққа тәрбиелеуде үлкен өнеге. Себебі, Ә.Х.Марғұлан өмірінің соңына дейін дүниежүзіне туған халқының рухани байлықтарын таныстыру мақсатында жанкештілікпен тынымсыз еңбектенді.

– Бүгінгі күні ғалымның ізбасарлары тарапынан Әлкей Марғұланның мұраларын насихаттау мақсатында қандай жұмыстар жүргізілуде?

– Бүгінгі күні Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтында «Елдің интеллектуалдық басымдылығы»

бағытында «Академик Ә.Х.Марғұлан және Қазақстандағы мұражай ісі: ғылыми мұра, идеялар және болашақ» атты гранттық жоба аясындағы зерттеу жұмыстарын жүзеге асырудамыз (жоба жетекшісі – профессор С.Е.Әжіғали). Мақсаты – академик Ә.Х.Марғұланның ғылыми еңбектерінің отандық мұражай ісінде алатын орнын, бабаларымыздан мұра болып жеткен тарихи-мәдени заттық және рухани құндылықтарымызды жинап, зерттеп, сақтаудағы ғалым еңбектерінің қомақты үлесін көрсету, ғалымның жеке мұрағатын, ғалым көрсеткен нақты мұражай қорлары (коллекциялары) мен мұрағат деректерін жинап, зерделеп, зерттеу. Жобаның жоспарына сәйкес біршама жұмыстар жасалуда. 2012 жылғы жобаның күнтізбелік жоспары бойынша көрсетілген кітапханалар мен Алматы қаласы мұражайлары қорында жүргізілген мұрағаттық-библиографиялық деректерді зерделеу жұмыстары өз нәтижесін берді. Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты мұражайында, ҚР БҒМ Біріккен мұрағатының 11-қорында, Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты мұрағатының 11 қорында, ғалымның жеке мұрағатында жүргізілген зерттеу, іздену жұмыстары да нәтижелі болды.

Павлодар облысына

ұйымдастырылған іссапар нәтижесінде зерттеу-ізденіс жұмыстары жүргізіліп, Баянауыл Ұлттық табиғи саябағы аумағына кіретін, ғалымның өмірбаянына қатысты бар «Жалаңтөс асуы», «Олжабайдың қорғаны», «Жасыбай көлі», «Дулат асуы» т.б. тарихи орындар айқындалып, деректер дайындалды.

Ә.Марғұлан өзінің Х.Арғынбаев секілді талантты шәкірттерімен бірге дайындаған халық өнеріне арналған «Казахское народное прикладное искусство» атты үш томдық еңбегінде ескі мен жаңаны сабақтастыра отырып зерттеп, халқымыздың ғасырлар бойғы асыл мұраларын тауып, болашақ ұрпақ игілігіне жарату мақсатында қолөнеріміздің бастау көздерін ашып, бір жүйеге салып берді. Профессор Х.Арғынбаев: «Академик Әлкей Хақанұлы Марғұлан – қазақ халқының этникалық тарихын, материалдық және рухани мәдениетін ғылыми тұрғыда өте терең және ауқымды зерттеген, көптеген ортағасырлық көшпенділер ескерткішін бірінші болып ғылыми айналымға енгізген ғалым. Туған елін өркеніет биіктеріне жетелеген ұлт зиялыларының аса көрнекті өкілі», – деп жазған болатын. Шындығында, Ә.Х.Марғұлан орыс және қазақ ғылыми мектептерінің арасында қалыптасқан ғұлама ғалым, бойына батыс пен шығыс (қазақ) ғылыми мектептерінен білім жинаған, алғашқы мамандандырылған ғалым-этнографтардың, этноархеологтардың бірі және бірегейі болды. Осы орайда «Ә.Х.Марғұлан өзінің бүкіл саналы өмірін қазақ халқының рухани және заттық мәдениетін, қазақ тарихын зерттеуге арнады. Ол мұның кейінгі ұрпақ үшін

қажеттілігін қаншама басқа ғалымдар құрғақ сөзбен қазақ мәдениетін, тарихын, тілін, қазақ халқының жартысынан көбін құртқан КОКП-ны, оның басшыларын әспеттеп жүрген кезеңде терең түсінген еді. Ғалым «Басқа халықтардан еш кемдігіміз жоқ, міне, мынау біздің құндылықтарымыз» деп баршаға айтып, көрсетіп кетті», – деген профессор К.Мұсаевтың сөзі – әбден орынды айтылған пікір. Қазіргі ХХІ ғасырда, жаһандану әлемінде өзіндік келбетін жоғалтпайтын, рухы мен мәдениеті биік, білімі терең, интеллектуалдық ұлттың қалыптасуында ұлттық тәрбие көзі болып табылатын фольклор, әдебиет, әдет-ғұрып, соның ішінде халық өнеріне, әсіресе сәндік-қолданбалы өнерге, халықтың салт-дәстүріне қызығушылық күннен-күнге артуда. Бұл орайда академик Әлкей Хақанұлы Марғұланның қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын анықтап-зерттеу жолындағы ғылыми еңбектерінің, біріншіден, дереккөздік, екіншіден, тарихитанымдық, үшіншіден, тәрбиелік мәні ерекше. Қазақ халқының рухани, мәдени, тарихи мұраларын зерттеу нәтижесінде жазған ғылыми еңбектері, археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижелері, этнографиялық зерттеулері, ерте және орта ғасырлардағы сәулет өнеріне арналған зерттеу еңбектері т.б. іргелі монографиялары бүгінде тарихи-өлкетану мұражайлары, археологиялық, әдебиет және өнер мұражайлары экспозицияларынан көрініс тапты. Сол мұражайларда сақталып отырған сансыз ұлттық мұраны зерделеуде табылмас дереккөзі болып табылады. Біріншіден, мұражайлар қорында сақтаулы талай заттың құндылығына зерттеушілердің назарын аударды. Екіншіден, зерттеу нәтижесінде заттық деректі тереңірек тану және осы зат

арқылы рухани мәдениеттің көптеген қатпарларымен танысу мүмкіндігін түсіндірді. Сонымен қатар, ғалымның этнографиялық зерттеулері экспонаттың мазмұнын ашуда әдістемелік, бағыт-бағдарлық негізде көрініс табууда. Үшіншіден, Ә.Марғұлан тарихшылар, жыршылар, әдебиетшілер мен этнографтардың отандық мұражайлар қорында сақталған жазба деректер мен материалдық ескерткіштерді біріге, салыстыра отырып зерттеулері қажеттігін өткен ғасырда-ақ түсіндірді. Әлкей Хақанұлы Марғұлан филология саласындағы ғылыми-зерттеу еңбектерінде («Қазақ халқының эпикалық әңгімелері (миф, ертегі-жыр, аңызды әңгімелер) туралы тарихи-әдебиеттік зерттеулер» атты докторлық диссертациясы) халықтың жыр-аңыздарын тарихи дерек ретінде қарастырды. Материалдық құндылықтармен қатар, материалды емес, яғни рухани құндылықтарды зерттеу еңбектері де мұражай ісіне үлкен үлес қосып отыр.

– Ғалымның өмір жолында ғалым және азамат ретінде қалыптасуына кімдердің ықпалы мол болған?

– Студент Әлкей Марғұлан дипломдық жұмысына ұлы ақын Абай Құнанбайұлының шығармашылығына арналған тақырыпты таңдайды және осы тақырыпты таңдауы тегін емес еді. Кезінде М.О.Әуезов Семей қазақ педагогикалық техникумын жаңа бітірген жас жігіт Әлкейді арнайы Шыңғыстауға ертіп апарып, Абай ауылымен, жас күнінде Өтегелді ақсақалмен таныстырады. Арқада өткен серілердің бірі Өтегелді кезінде жүрген жерін қуанышқа бөлеген сауыққой, асқан әнші, атақты домбырашы болған. 1925 жылы Мұхтар Әуезов кездестіріп, таныстырғанда Өтегелді ақсақалдың жасы

жетпіске келген екен. Әлкей шетінен сері, әнші, домбырашы ұлы Абайдың ұрпақтары Мекайыл, Даниял, Ысрайыл, Жәбірайылмен танысып, уақытты бірге өткізеді. Әсіресе, Жәбірайылдің гитарамен Абай әндерін тамылжытта салған әсем дауысы жадында ерекше сақталады. Тарихты, ел өмірін жақсы білетін, өзі шешен, Абай ауылындағы сол кездегі танымал да сыйлы ақын ұрпағы Тұрағұлмен өткізген күндері, Абайдың, Құнанбайдың өмірлері туралы естіген әңгімелері үлкен мектеп болады.

Ә.Х.Марғұлан қазақтың Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы сынды аяулы азаматтарын жақсы білген, жақын араласып, шығармашылығымен жете таныс болған. Жүрген жерінде олар туралы әңгімелер айтып, есімдерін мақтанышпен атаған. Олардың тағдыры Әлкей Марғұланды қашанда қынжылтып, қамықтырған. Ғалым осы азаматтардың ақталған күніне жетпей, уайымдаумен өмірден өтті. Ақын Мағжан Жұмабаевпен пікірлес адам ретінде Ә.Марғұлан ұзақ жылдар бойы қара тізімге алынып, қуғын-сүргінге ұшырағаны туралы көп айтылмайды.

«Әкемнің тұңғышы едім» атты естелік кітабында Мұғамил апамыз да өміріндегі қиын кезең – 1930 жылдың қаралы күзін еске ала отырып: «Уақыт қиын. Әкем түрмеде. Мен көшеде қалып қойғандай күй кештім. Сөйтіп жүргенде Әлкей ағам тауып алды. «Тауып алды» деген айтарға ғана оңай, сонда кешкен бейнетті Құдай басқа салмасын», – деп жазды. Әлкей ағасының өзі де жетісіп жүрген жоқ, қатарлас дос-жарандары бірінен соң бірі ұсталып кетіп жатқан кез. Тұратын жері – жатақхана. Өзі қайда барса, Мұғамиланы сонда жетектеп жүріпті. Оқуға барса да, кітапханаға да бірге алып барып, әйтеуір, қасынан тастамайды. «Әкемдей жақсылық жасаған Әлкей Марғұлан болмағанда тағдыр маған басқаша қарайды екен. Уақытында қауіпті болған «Әуезовтің баласын жетектеп жүр» деген сыпсың сөзден еш именбестен Әлкей аға маған сол мезетте кез-келгеннің жүрегі дауаламас жақсылық шаралатын тигізіп еді», – деп жазғанын көпшілік біледі.

Әлкей Хақанұлы жасы егде тартып, денсаулығы сыр бер-

ген кезінде де Қ.И.Сәтбаев пен М.О.Әуезовтер туралы уайымдаумен болған. Ғалым 1963 жылдың жазында жазушы Медеу Сәрсекені іздеп, шақыртып алып: «Сені іздегенім, қарғаш, біздің қазақта қасыңда жүрген ұлы адамды көрмейтін, көрсе де, мұрнын шүйіріп елемейтін жаман ғадет бар. Абай, Мағжанды сөйткеміз, Мұханды да... Шетелдік данышпанға, басқа жұрттың әлдеқандай бір білгішіне өлердей сүйсінеміз, ал өзіңнен шыққан тума перзентті, қандай ғұламаны елемей аяқасты ету – ежелгі әдетіміз. Бұл – тегінде, осы күнгі қазақ қауымының қанына сіңген індет», – дей келе, Қ.И.Сәтбаевтың жасы алпыстан асқанын және денсаулығының да аса мықты емес екенін тілге тиек етеді. «Ал сол кісіні қоршаған



Әлкей қазба жұмыстарын жүргізген ежелгі Сарайшық қаласы

ұлан-ғайыр қауымнан бір пенде суырылып шығып, оның ғұмыр жолын зерттеп, көрген-білгенін құнттап жазып алып, «күндердің күнінде соным керек болар-ау» деп келешекке қам жасап жүрген тірі жанды естігем жоқ. Сені сол үшін іздедім. Қиял шығармаларды қоя тұрып, Қанекең жайында деректі хикаят, бәлкім, роман жазуға талап қылсаң қайтеді?» – деп өтінген екен. Осындай айналасындағыларға, замандастарына деген ерекше қамқорлығын көрсететін бір-екі ғана мысалдан Әлкей Марғұланның өзінен кейінгілерге үлгі боларлық теңдессіз адамгершілік қасиеттерін көресіз. Екі рет қуғын-сүргінге ұшырап, «ұлтшыл» атанған академик Ә.Х.Марғұланның өмірі мен

ғылыми мұрасы – жас ұрпақты елін, жерін, бабалар тарихын сүюге, отаншылдыққа, адами қасиеттерге тәрбиелеуде үлкен өнеге.

Ғалымның өмірі мен еңбек жолы, ғылыми зерттеулері де республика көлемінде бірнеше мұражайдың, мұражай экспозицияларының ашылуына түрткі болды. Мысалы, 1986 жылдан Жезқазған облыстық өлкетану мұражайының филиалы болып келген Қарағанды облысы Ақтоғай ауданындағы мұражай Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 7 маусымдағы № 91-Р жарлығы бойынша өз алдына жеке ғылыми негіздегі мұражай болып құрылды. Себебі, аудан көлеміндегі мол археологиялық

дап танысуым 1987 жылдан бастау алады.

Баянауыл ауданы Алексеевка орта мектебінде тәрбие ісі бойынша директордың орынбасары болып қызмет етіп жүрген кезім еді. 1987 жылы мектебіміз академик Әлкей Марғұлан есімімен аталатын қаулы шықты. Дерее жоғары сынып оқушыларынан ізденушілер тобын құрып, ғалымның өмір жолы, еңбектері, шәкірттері, ғалымды көрген, бірге қызметтес болған азаматтар туралы дерек жинау жұмыстарын бастадық. Ғалымның мұрагері Дәніел Әлкейқызының, ҰҒА Тарих институты қызметкерлерінің көмегімен үш жыл бойы көп материал жинадық. Нәтижесінде сол кездегі Баянауыл аудандық партия комитеті ауылдық кеңес басқармалары кәсіпқой суретшілерді шақырып,

тарихи, мәдени ескерткіштердің бірегейі Орталық Қазақстандағы осыдан 3000 жыл бұрын қола дәуірінде пайда болған Беғазы-Дәндібай мәдениеті – осы жердің төл мәдениеті. Осы аймақта 1947-1949, 1952 жылдары Ә. Марғұланның басқаруымен археологиялық экспедиция жұмыс жасаған.

– Әлкей Марғұлан туралы ғылыми еңбек жазуыңызға не себеп болды?

– Мектепте оқып жүрген кезімнен «Білім және еңбек» журналында жарияланатын Ә.Марғұлан туралы және ғалымның оқушыларға арналған мақалаларын қызыға оқитынмын. Академик Ә.Х.Марғұланның өмірі және шығармашылығымен шын-

болашақ мұражайдың жобасы талданып, бекітіліп, 1991 жылы тамаша мектеп мұражайы ашылды. Бұл мұражай ғана емес, шағын зерттеу орталығы болды. Онда тек экспонаттар ғана емес, ғалым еңбектері және ғалымның жеке кітапханасынан алынған кітаптар да болды. Бүгінге дейін сол мұражай негізінде оқушылар арасында аудандық, аймақтық «Марғұлан оқулары» өткізіліп тұрады. Өзім кейін академик К.Н.Нүрпейістің, Д.Ә.Марғұланның қолдауымен және профессор С.Е.Әжіғалидың жетекшілігімен Ә.Х.Марғұланның ғылыми мұрасын байланысты кандидаттық диссертация қорғадым.

Сухбатмасқа
Мәдина СЕРІКҚЫЗ